

## Қазақстан Республикасының фосфор өнеркәсібін сауықтандыру жөніндегі шаралар туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 25 тамыз N 1186. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.08.26. N 807 қаулысымен. ~Р980807

Қазақстан Республикасының фосфор өнеркәсібін дамытуды тұрақтандыру, нарық нысандарын және өндірісті басқару әдістерін пайдалану, фосфор өнеркәсібіндегі бюджет қаражатының ысырапталуын жою, шет елден тұрақты инвестицияларды қамтамасыз ету, өндірісті озық әлемдік технологиялар мен менеджмент деңгейінде ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шымкент қаласындағы "Фосфор" акционерлік қоғамының жалпы жиналысының "Donnex Enterprises Limited" (British Virgin Islands) фирмасымен басқару жөнінде шарт жасау туралы шешіміне келісім білдірілсін.

Серіктестіктің басқармасына осы қаулы қабылданған сәттен бастап "Dennex Enterprises Limited" фирмасының жазбаша келісімінсіз өнімді экспортқа шығаруға қандай да болсын шарт жасауға тыйым салу ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп "Dennex Enterprises Limited" фирмасымен аталған серіктестікті басқару туралы шартты 10 күн мерзімде әзірлеу тапсырылсын. Онда мыналар қарастырылсын:

тараптардың міндеттемелері мен кепілдіктері (осы қаулы қабылданғанға дейін жасалған мәмілелерді реттеу);

кәсіпорынның қызметін басқарушы фирма ұсынған кесте бойынша қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерін фирма 12 күнтізбелік айлардың ішінде орындалмаған жағдайда шартты біржақты бұзу мүмкіндігі;

басқару туралы шарттың қағидаларының орындалуына пәрменді бақылауды қамтамасыз ету жүйесі;

басқа да қажетті шарттар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне (мемлекеттік акциялар пакетін ұстаушы) аталған шартқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Өнеркәсіп және

сауда министрлігі экспортқа арналып өндірілген өнім көлемінің сыртқырынокта сатылуына басқару фирмасына жәрдем жасалуын қарастырын.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі

кәсіпорынды басқару туралы шарт қағидаларының орындалуына бақылау жасау жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілін тағайындаған, оған осы қаулының орындалуы жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүктесін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрі осы қаулыға қайшы келетін үкіметтің шешімдерін жою туралы ұсыныстарды әзірлесін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі